

Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжіне
2020-2021 оқу жылына оқуға қабылдау
Ережесі

1.Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын «Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі» жекеменшік білім мекемесінің оқуға қабылдау ережесі (бұдан әрі — Ережелер) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын (бұдан әрі — Заң), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын, жоғары колледж Жарлығын басшылыққа ала отырып, «Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі» жекеменшік білім мекемесіне (бұдан әрі — жоғары колледж) оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2.Жоғары колледжге оқуға негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3.Жоғары колледжге оқуға қабылдану кезінде

1)I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан адамдар үшін;

2)жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін;

3)ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан адамдар үшін;

4)Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

5)жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау үшін квота көзделеді.

4.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын Жоғары колледж белгілейді. Жоғары колледжге оқуға тапсырушылар қабылдау емтиханы тілін қазақ немесе орыс тілі деп таңдауға құқылы.

2.Колледжге оқуға қабылдаудың тәртібі.

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және қабылдау емтихандарын өткізу.

5. Тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін жоғары колледж директоры жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы, комиссия мүшелері кіреді.

6. Жоғары колледжге қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы ақпаратпен оқудың күндізгі нысаны бойынша 30 тамызға дейін, сырттай оқу нысаны бойынша 30 қыркүйекке дейін ақпараттық

стендіге жариялау арқылы немесе интернет ресурсы арқылы қабылдау комиссиясы таныстырады.

8. Қабылдау комиссиясының қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут

2) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

9. Қызмет көрсету бойынша:

1) күндізгі оқыту нысаны бойынша құжаттарды қабылдау – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;

2) сырттай оқыту нысаны бойынша құжаттарды қабылдау – 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда жұмыс кестесі сағат 13.00-ден сағат 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден сағат 18.00-ге дейін.

Алдын ала жазылу және жеделдетіп қызмет көрсету көзделмеген.

10. Өтініш үлгісін Жоғары колледждің фойесіндегі стендтерден немесе Қабылдау комиссиясының мамандарынан, қабылдауға арналған арнайы кабинеттерден алуға болады.

11. Қызмет көрсету жоғары Колледж құрылтайшысының келісімімен ақылы немесе тегін жүзеге асырылады.

3. Қабылдау комиссиясының қызмет көрсету тәртібі

12. Қабылдау комиссиясының қызмет көрсетуі үшін төмендегідей құжаттар тапсырылуы тиіс:

1) жеке басын куәландыратын құжаттар (тұлғаны салыстыру үшін);

2) білімі туралы құжат (түпнұсқасы);

3) оқуға түсушілердің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы еркін нысандағы өтініші;

4) медициналық анықтамалар - № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен; №063, (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);

5) 3x4 көлемді 4 фотосурет;

6) ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің сертификаты (бар болса);

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;

2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

3) босқын - босқынның куәлігі;

4) пана іздеуші тұлға - пана іздеуші тұлғаның куәлігі;

5) оралман - оралман куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және тиісті нормативтік құқ актілерінде көрсетілген талаптарға сәйкес конкурса жіберіледі

13. Өтініш пен басқа да жинақталған құжаттар қабылдау комиссиясының мүшелеріне тапсырылады.

14. Көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.

15.Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет нәтижелерін беру жеке қатысуы кезінде жүзеге асырылады.

16.Осы Ереженің 11 тармағында көрсетілген тізімдегі құжаттардың толық болмауы мемлекеттік қызмет көрсетпеуге негіз болып табылады (Стандарттың 9 тармағы).

4. Жұмыс жасау қағидалары

17. Қабылдау комиссиясының жұмысының қағидалары:

- 1) азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуы;
- 2) сапалы білім алу құқығының сақталуы;
- 3) мамандықтар туралы толық ақпарат беру;
- 4) қабылдау комиссиясының жұмысын уақытында көрсету;
- 5) тапсырылған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) сыпайылық пен ұқыптылық;

5. Жұмыс нәтижесі

18.Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кешенді тест түрінде:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

2) негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

4) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Жоғары колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

Техникалық және кәсіптік білімнің мамандық бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндер тізбесі осы Ереженің қосымшасына сәйкес айқындалады.

19.17-тармақта көрсетілген негізгі орта, жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін қабылдау емтихандарының нысанын кешенді тестілеу деп жоғары колледж белгілейді.

20.Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына 1 тамыз бен 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленеді; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 баллмен бағаланады; тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді;

тестілеу нәтижелері өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандардың, қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" - 8 балл, "4" - 17 балл, "5" - 25 баллдарға ауыстырады.

21.Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

22.Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

6.Білім алушылар құрамына қабылдау

23.Білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс негізі:

- ҰБТ сертификаттарының баллдары негізінде;
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде;

- Пәндер бойынша немесе Жоғары Колледждің тестілеу нысаны бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің баллдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 баллдан кем, білім, құқық, экономика мамандықтары бойынша 25 баллдан кем;

2) жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 баллдан кем, білім, құқық, экономика мамандықтары бойынша 35 баллдан кем жинағандар жіберілмейді.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етеді.

24. Жоғары колледж оқу жылында мемлекеттік білім беру гранттары болған жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың құрамын іріктеу кезінде:

1)"Алтын белгі" белгімен марапатталған адамдардың;

2) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы тізбесін айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ олар жеңімпазы болып табылатын өздері таңдаған мамандықтары олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарын;

3)көрсеткіштер бірдей болған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек- балалардың

және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдардың басым құқығын басты назарға алады.

25.Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1)күндізгі оқу нысанына - 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында;

2)оқудың сырттай нысанына - 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

26.Қабылдауды қабылдау комиссиясы кәсіптер, мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.

27. Оқуға түскен адамдармен келісім-шарт жасақталады.

7. Қабылдау емтиханы кезінде аз көрсеткіш көрсеткен талапкерлердің шағымдану тәртібі

28. Қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысынан алуға болады.

29.Шағымдарды жазбаша түрде пошта арқылы немесе қабылдау комиссиясы арқылы беруге болады.

30.Мекеме азаматтардың қызмет көрсету сапасы туралы, тиісті қызмет көрсетпеу туралы шағымдары жоғары колледж директорының атына атына беріледі.

31.Шағым өз қолымен еркін түрде жазылады.

32.Қабылданған шағым кіріс құжаттарын тіркеу журналына тіркеледі және Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» Заңына сай қарастырылуға жатады.

Ереже Колледждің педагогикалық кеңес отырысында қаралып мақұлданды.

**Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша
жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы	
		Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Орта білім (жалпы орта)
0100000 - Білім			
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0105000	Бастауыш білім беру*	Математика	Математика
0111000	Негізгі орта білім беру*	Математика	Математика
0200000 - Құқық			
0201000	Құқықтану	Құқық негіздері	Дүние жүзі тарихы
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару			
0512000	Аудармашы ісі (түрлері бойынша)	Шетел тілі	Шетел тілі
0515000	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	Математика	Математика
0516000	Қаржы (салалар бойынша)	Математика	Математика
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
0800000 - Мұнай-газ және химия өндірісі			
0801000	Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы (бейін бойынша)	Математика	Математика
0807000	Мұнай және газ кәсіпшілігінің техникалық жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Математика
0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)	Математика	Математика
0819000	Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Химия	Химия
0900000 - Энергетика			
0902000	Электрмен жабдықтау (салалары бойынша)	Математика	Математика

130000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технология Электрондық техника

1302000	Автоматтандыру және басқару (бейіні бойынша)	Математика	Математика
1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	Математика	Математика
1305000	Ақпараттық жүйелер (қолданылу саласы бойынша)	Математика	Математика
1306000	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	Математика	Физика